

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«Әдістемелік кабинет» КММ
МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасы

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ
2023 жылғы «10»
қаңтар
№ 08 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА

«Көңілді бишілер»

(ортаңғы, ересектер, мектепалды топтары)

Ақтөбе, 2023 жыл

Бағдарламасының негізі: «Билеп үйренейік» Г.А.Абдрахманова.,Т.Т.Сарыбаева
«Алматы кітап» 2011 ж.

Құрастырған: Аетова Л.Т. І-ші санатты музыка жетекшісі, жоғарғы кәсіби білімді педагог-хореограф

МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасы педагогикалық кеңесі отырысында «Көңілді бишілер» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

«10» 01. 2023 жыл

МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасының меңгерушісі:



Лекерова Р.А.

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Көңілді бишілер» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 2

«10» маусым 2023 жыл

Сараптау комиссиясы төрағасы



М.О. Қосымбаева
(аты-жөні)

Ақтөбе қаласындағы № 32 «Қуаныш» балабақшасының музыка жетекшісі, хореограф
Л.Т. Аетованың «Көңілді бишілер» атты бағдарламасына

ШКІР

Музыка жетекшісі, хореограф Л.Т. Аетованың «Көңілді бишілер» бағдарламасы мектепке дейінгі балаларына арналған. Балабақшасындағы балалар жасы адам өміріндегі өте жауапкершілікті кезеңдердің бірі болып келетін жас, яғни осы жас шамалық кезеңде баланың денсаулығының негізі, ақыл ойы, психо-физикалық дамуы қаланып, оның жеке тұлғасы қалыптасады. Дәлірек айтар болсақ, бала өсіп дамиды сонымен қатар әуенге сай ырғақты би қозғалыстарына деген қажеттіліктері ұлғаяды. Ал музыка әуеніне қозғалу бұл би.

Автор бағдарламаны дайындау барысында Г.А. Абдрахманованың «Билеп үйренейік», Телеугалиев Ю. «Ырғақтық гимнастика» т.б. еңбектеріне сүйеніп жазған. Бағдарламаның негізгі мақсаты: музыкалық-ырғақты би сабақтарында балалардың эстетикалық тәрбие мен шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сонымен қатар автор келесі міндеттерді көздейді: би арқылы бұлшық ет күші мен илімділігін және төзімділік қабілеттерін жаттықтыру мен қатар әуенге сәйкес ырғақ пен қимылдарды, қимыл белсенділіктерін арттырады.

Ұсынылып отырған жұмыс балалардың ортаңғы, ересектер және мектепалды топтарына арнап құрастырылған. Сағат саны – 72 сағат, аптасына 2 сағаттан берілген. Ұзақтығы ортаңғы, ересектер, мектепалды даярлық топтарында 25-30 минутты қамтиды. Жалпы автордың бағдарламасы үш жылдық мерзімді қамтиды.

Ырғақты би - бала үшін қозғалыс арқылы өз - өздерін көрсетудің тәсілі болып табылады. Себебі мектепке дейінгі жастағы баланың сөздік қоры бай емес, сондықтан да бала өз сезімін, эмоциясын ырғақты би арқылы бейнелеп, қоршаған ортаға жеткізеді. Ал қазіргі заманғы музыка әуені кең қозғалыстығымен көңілді динамикасымен балаларға жақын. Ол баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның рухани бейнесін қалыптастырады.

Ырғақты би қимылы тек ептілік әдемілік, шығармашылық мүсін ғана емес, баланы жігерлендіреді. Мысалы ішкі рухани жағдайы өзгеріп, мазасыздықты басып, қандағы кортизол деңгейін жақсартып, жалпақ табандылық, омыртқа қисаю ауыруларын алдын алады сонымен қоса балалардың зияткерлік деңгейінің артуына, оның ойлау жылдамдығына ықпалын тигізе отыра есте сақтау қабілеттерін жақсартады.

Ырғақты би балаларды эстетикалық құндылыққа тәрбиелейді, эмоционалды көңіл-күйін жақсартады. Өздеріңіз білетіндей біздің кішкентай бүлдіршіндеріміздің мінез-құлықтары әр түрлі ашық, шапшаң, белсенді болса ал кейбіреулері ұялшақ, қорқақ, ұяң балалар да болады дәл осындай балалармен ырғақты би сабағында балалардың тұйық мінезін ашып, көңіл-күйлерін жақсартып, өз-өздеріне «МЕН» деген сенімдерін арттыруға болады.

Қазақ халқы би өнері арқылы қайғы-мұңдары мен қуаныштарын би арқылы жеткізе білген. Әсем әуенді естігенде бойы елітіп би билегісі келмейтін жан болмас.

Музыка жетекшісі, хореограф Л.Т. Аетованың «Көңілді бишілер» мектеп жасына дейінгі балаларды би өнеріне үйрету бағдарламасы балабақшада қолдануға тиімді деп есептеймін.

Педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті «Музыка және хореография»
кафедрасының доценті:



Түсінік хат

Мектепке дейінгі жаста балалардың арнайы қабілеттері дамиды, алдымен шығармашылық қабілеттері. Мектепке дейінгі балалық шақта олардың қалыптасуына қолайлы жағдайлар туындайды. Музыканы зейін қойып тыңдай отырып, өз сезімдерін би арқылы жеткізу баланың эмоционалдық, рухани, дене дамуына зор ықпалын тигізеді. Рухани және дене дамуының үйлесімділігі баланың жеке тұлғасын дамыту үшін маңызды. Бұл үйлесімді жаттығулар балаларды да ата-аналарды да жаттықтырады, жақындатады. Билеу тәсіліне ие болған бала өз-өзіне көңілі толады және жан-жағындағыларды таңдандырады.

Тәртіптілік, еңбексүйгіштік және сабырлық- тек хореографиялық сабақта ғана емес, сонымен қатар тұрмыста да қажетті қасиеттер. Бұл сапалар жыл бойы педагог-хореографтармен тәрбиеленеді және көптеген жетістіктерге жеткізеді. Өмірде өте қажет жауапкершілік сезімі бимен айналысатын балаларды алға қозғайды. Хореографиялық оқытудағы ұқыптылық, хореографиялық киімнің тазалығы балалардың ішкі дүниесіне де әсер етеді. Олар тек мүсінімен ғана емес, сәнді шашымен, қарапайым киімді сәнді етіп киюімен ерекшеленеді. *Бағдарлама балабақшаның ортаңғы, ересектер және мектепалды даярлық топтарында би сабағын жүргізуге арналған.*

Бағдарламаның мақсаты: Музыкалық- ырғақты би сабақтарында балалардың эстетикалық тәрбие мен шығармашылық қабілеттерін дамыта отыра денсаулықтарын нығайту және артыру.

Бағдарлама міндеттері:

- Би арқылы бұлшық ет күші мен иілімділігін және төзімділік қабілеттерін жаттықтыру және әуенге сәйкес ырғақ пен қимыл үйлесімділігінің көркем де мәнерлі болуын жетілдіру
- Балалардың қимыл белсенділіктерін арттыру
- Ырғақты би арқылы еркіндік, шығармашылық пен психологиялық жағымды эмоциясын арттыру.

Күтілетін нәтижелер

1. Ұжымдық реттік дағдылар мен іскерліктер:

- музыка мен қимыл ерекшеліктері, мазмұнына сәйкес дұрыс қалыпты тұрыс қабылдау;
- ұйымдасқан түрде сапқа тұру (жылдам, нақты), жұптасып коннада тұрғанда ара қашықтықты сақтау;
- педагогтың нұсқауы бойынша өз бетінше қозғалыс бағытын анықтау, дыбыстық және музыкалық сигнал бойынша;
- екі екіден колоннаға тұру;
- ауысып тұру.

2. Музыкалық ырғақтық дағдылар мен іскерліктер:

- Өз қимылын музыка ырғағымен үйлестіруге, еркін иілгіштік қимылдарын дамыту;
- қимылда такттың күшті бөлігін белгілеу;
- музыка әуенінің мінездемесі өзгеруіне байланысты қимылдарын өзгерту;

- түрлі қимыл қозғалыстардың қарқынын өз бетінше жылдамдату және баяулату;
- өз бетінше ырғақтық бейнені, акцентті бағалау;

3. Мәнерлі қимыл қозғалыс дағдалыры мен іскерліктері:

- Кеңістікте бағдарлай білу, серпілмелі қадамдап жүру, аяқ қол қалыптарын жетілдіру; вальс қадамын, ауысуды меңгеру.
- музыканың көңіл күйін түсіну және би қимылдары арқылы айқындап көрсете білу;
- музыка әуеніне сәйкес доппен, лентамен, басқа заттармен ырғақты жеңіл қимылдау;
- қозғалыс координациясын жетілдіру: орнында айналу мен қарғу дағдыларын қалыптастыру, зейін мен есте сақтауды дамыту, шапшаң ырғақты, көңілді темптегі музыкамен қимылдарын сәйкес орындау;
- әннің инсценировкасында ойын бейнелерін мәнерлі бейнелеу;
- кішігірім композицияларды есте сақтау, нілгіштік пен айналымдарды меңгеру, бейнелердің қимылдарын үйлесімді орындай білу;
- музыкалық шығармаға сәйкес ым-ишпраның көмегімен қысқаша қойылымдарды өздігінен ойнай білу.

Бағдарламаның мерзімі және ұзақтығы: Жас шамасына сәйкес стандарт негізінде сақталып жүргізіледі. Бағдарлама ортаңғы, ересектер және мектепалды даярлық топтарына арнап құрастырылған.

Барлығы – 72 сағат, аптасына 2 сағаттан. Ұзақтығы ортаңғы, ересектер, мектепалды даярлық топтарында 25-30 минутты қамтиды. Бағдарлама үш жылға арналған.

Хореография
Ортаңғы топтар

№	Тақырыбы	Максаты	Сағат саны
Қыркүйек 1	Би туралы диалог «Сәлемдесу»	Би өнерінің ережесімен таныстыру. Сәлемдесу әдетін меңгерту арқылы баланың жауапкершілігін арттыру, би өнеріне деген қызығушылықтарын ояту. Балаларға сабақ басында «Сәлемдесу» және сабақ соңында «Иіліп қоштасу» әдетін түсіндіру.	2
2	I-II-III қол қалыптары және дайындық қалпы	Балаларды I-II-III қол қалыптарымен таныстыру. Ережеге сай жұмыс жасауды үйрету. I қол қалпында екі қолды алға созу арқылы, II қол қалпын екі қолды екі жанына созу арқылы, III қалыпты екі қолды жоғарыға созу арқылы көрсетіп балаларды жаттықтыру. Өзін өзі жақсы көруге үйрету, әсемділік пен сұлулыққа тәрбиелеу.	2
3	«Жапырақтар» би қойылымы	Балаларды би элементтерімен тыныстыру, жыл мезгілі туралы әңгімеге шақырып өз қиялын ортаға салуға шақыру. Берілген белгілі сызықтармен секіру арқылы би элементтерін көрсету. Табиғат құбылыстарын би элементтерімен ұстастырып үйрету.	2
4	I-II-III аяқ қалыптары және VI аяқ қалпы	Балаларды I-II-III аяқ қалыптарымен таныстыру. I аяқ қалпында екі аяқтың ұшын екі жаққа созу арқылы, II аяқ қалпында екі аяқтың арасында бір аяқ сиятындай ара қашықтық болу керек екендігін және екі аяқтың ұшы жанына бұру арқылы, III қалыпта сол аяқтың ұшы жанына бұрылып, оң аяқтың өкшесі сол аяқтың өкшесіне тигізу керек екендігін түсіндіру. Өзін өзі жақсы көруге үйрету, әсемділік пен сұлулыққа тәрбиелеу.	2
Қазан 1	Арнаулы бағытта жүру «Диогональ жаттығулары»	Балаларға диогональ «қисық сызық» деген мағына туралы түсіндіру. Диогональ бойымен жүру арқылы арнаулы ережеге бағыну, жұбына қарау, күту дағдыларын меңгерту. Жәй қарапайым жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшелеп жүру, жандамалап жүруді жаттықтыру.	2
2	Ырғақты би жаттығулары	Ырғақты музыкаға еркін би қимылдарын орындау арқылы балалардың ырғақты сезінуін, ұйымшылдықпен жұмыс жасауға шақыру шыдамдылыққа үйрету. Кез келген атрибутты пайдалану арқылы баланы қызықтыра билеуге жаттықтыру.	2

3	«Тәтті жемістер» биі	Балаларды би мазмұнымен таныстыру. Жыл мезгілі туралы өздерінің ойларын еркін айтуға баулу. Би элементтерімен таныстыру. Қол қимылы «вертушки» I-II қалып арқылы орындалатынын көрсетіп жаттықтыру. Жандамалап секіру кезіндегі арқаны тік ұстауын қадағалау.	2
4	«Сымбат және саулық» тренаж жаттығулары	Балаларды жерге отырғызу арқылы арқасын тік ұстауын, дене бітімінің биге дайындығын тексеру. Жерде отырып қол қалыптарын көрсету арқылы аяқ қимылдарымен ұштастыру, аяқтың ұшын созу арқылы II қол қалпын ұстау, арқасын жерге тигізу арқылы III қол қалпын аяққа тигізу арқылы жоғары көтеру.	2
Қараша 1	«Ырғақты ойын би қимылдары» этюд жаттығулар	Балаларға этюд қысқа би түрі екендігін түсіндіру. Ырғақпен би қимылдарын үйлестіру арқылы жаттықтыру, «Шығыршық», «доп», «таяқша» қолдану арқылы ойын түрлерін көрсету. Билеп ойнау кезіндегі ержені сақтауын қадағалап, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	2
2	Ырғақты қол соғу және дүбірлі кадам «Тарелочка»	Дүбір соғу алақанмен және аяқпен. Ырғақты соғу алақанмен, ырғақты дүбір соғу аяқпен. Балаларға музыка ырғағына сәйкес ере отырып ырғақты алақанмен соғу арқылы билетуді үйрету және ырғақты музыкаға ілесіп аяқпен дүбір соғуға жаттықтыру. Қимыл-қозғалысты орындау кезінде тепе-теңдікті сақтауын қадағалау.	2
3	«Балдырғандар» биі	Балаларды би элементтерімен таныстыру. Қол қимылдары «дуга» орындау кезіндегі қол қалыптарын сақтау. Берілген қимыл қозғалыстарды бейімделе орындауға жетелеу. Қоршаған ортамен табиғат құбылыстарын бимен көрсетебілуге үйрету.	2
4	Тренаж жаттығулары	Тренаж жаттығуларын орындау кезінде арнаулы кестелер ұсыну. Балаларды жерге отырғазып «Адажио» созылмалы жәй қимылдарын орындау. «Иілу», «майысу» т.б қимыл-қозғалыстарды ережеге сай орындауға үйрету.	2
Желтоқсан 1	Классикалық би жаттығулары	Классикалық би ұғымы туралы түсінік беру. Классикалық қалып ережелерінің ерекшелігін сезіндіру. Кесте сызба пайдалану арқылы балаларға би элементтерін үйретуді бастау.	2
2	Пор-де –бра (майысу, иілу) жаттығулары	Балаларға би ұғымы туралы түсінік беру. Ерекшелігін сезіндіру. Жаттығу кезінде қолдың бір қалыптан екінші қалыпқа әдемі көшуін үйрету.	2

3	«Ұлпақарлар» вальсі	Балаларды би элементтерімен таныстыру. Музыка ырғағына сай орындауға шақыру. «Толқын» (волны) қол қимылын орындату. Жұптасып жұмыс жасауға талпындыру. Кезекпен қол, аяқ қимылдарының ауытқуын ауысын ескерту.	2
4	Халық билері	Халық биінің элементтері туралы балаларға түсінік беру. Би элементтерімен таныстыру. Халық биінің ерекшелігін сезіндіру, ұлттық киімге насихат түсінік беру.	2
Қаңтар 1	Өкшелеп ұру, жандамалап жүру түрлері	Би элементтерін ережеге сай келтіріп орындауын қадағалау. Өкшелеп жүру кезіндегі арқаны тік ұстау және қол қалпы IV болатынын ескерту.	2
2	Диагональ жаттығулары	Диагональ бойымен қарапайым жүріс түрлерін үйретуді жалғастыру. Кезекпен аяқ ауыстырып жүру, кезекпен өкшелеп жүру, жандамалап жүру, «приподание» (тенселу) т.б. Музыка ырғағына еріп орындауын жаттықтыру. Жаттығуды орындауға қызығушылықтарын арттыру.	2
3	«Канарейка» биі	Үйретілген жаттығуларды пайдалана отырып би құрастыруға шақыру. «Канарейка» құс атауы екендігі туралы түсінік беру. «Пружинка» тербелу, «Ковырялочка» айналдыру мағынасын түсіндіру. Биді таза орындауға төселдіру.	2
4	«Ертегі әлеміне саяхат»	Би жаттығуларын ертегімен ұластырып орындауға талпындыру. Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін, қимыл қозғалыстарын би қимыл-қозғалыстарымен әдемі шынайы көңіл күймен жеткізуге үйрету.	2
Ақпан 1	Көтеріңкі көңіл күй «Ойыншықтар» биі	Қуыршақ би элементтерін әр қалыпта, бағыттарда орындап көрсету. Қуыршақ бейнесін көрсету арқылы баланың ішкі мінез құлқын сезіну. Күліп билеу, жансыз қимыл көрсетуге жаттықтыру.	2
2	Иық қимылдары	Қолға арналған жаттығулардың бір бөлімі иық қимылы туралы түсінік беру. Иық қимылдарын орындау арқылы баланың арқа бұлшық еттерінің қатайуын сезіну. Қимыл қозғалысты көтеріңкі көңіл күймен бере білуге жаттықтыру.	2
3	«Көңілді аңдар» полькасы	Би элементтерімен таныстыру. Аяқ көтеру «подскоки», «секіру», «теңселу» қимылдарын орындау кезіндегі денесін тік ұстауды қадағалау. Жүппен жұмыс жасауға баулу. Шыдамдылық қасиеттерін шыңдау.	2

4	«Киіз» үй» спецификалық қол қалпы	Қол қалыптарын сақтап бірте- бірте жеңіл қимылдардан күрделіге көшуді үйрету. Би қимылдарының динамикасын сақтап, жұппен, топпен жұмыс жасауға жаттықтыру.	2
Наурыз			
1	«Өрнекті кесе» биі	Би өнері арқылы балалардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтарын арттыру.	2
2	«Балапандар» биі	Би мазмұнымен балаларды таныстыру. Би элементтерін жаттықтыру арқылы қоршаған ортамен байланыстыру.	2
3	«Батырлар» биі	Би өнерінің мазмұнымен таныстыру. Би элементтерімен таныстыру. Аяқ көтеру қимылдарын орындау кезіндегі денесін тік ұстауды қадағалау. Жұппен жұмыс жасауға баулу. Шыдамдылыққа үйрету.	2
4	«Көкпар» би этюды	Балалардың дене қимылдарын еркін қолдануын қалыптастыру, қозғалыс координациясын, бидің әр үрлі қалыптарын бекіту. Қазақ билерінің ұлттық колоритін, ерекшеліктерін, мәдениетін түсіндіру.	2
Сәуір			
1	«Гүлдер» биі	Би элементтерімен таныстыру. Табиғат, қоршаған ортамен ұштастырып балаға қимыл-қозғалыстарды көрсету. Гүлдер сияқты нәзік бірқалыпты орындау керек екендігін түсіндіру.	2
2	«Құстар» би этюды	Кішігірім композицияларды есте сақтау, иілгіштік пен айналымдарды дамыту, құстардың қимылдарын үйлесімді орындай білуге, кейіптенуге, еркіндікке баулу. табиғатқа қамқорлық сезіммен қарауға тәрбиелеу.	2
3	«Айгөлек» биі	Балаларды би элементтерімен таныстыру. Би жаттығуларында еркін қалыптармен орындалатынын ескеру. Биді көңілді әдемі орындауға шақыру. Топпен, жұппен жұмыс жасауды жаттықтыру.	2
4	«Мысық пен тышқандар» би этюды	Балалардың зейінін, қимылдың ептілігін дамыту. Эмоционалдық аясын дамыту: эмоцияларды ым-ишарамен көрсетуге, жолдастық қарым қатынастарын нығайту, мейірімділікке тәрбиелеу.	2
Мамыр			
1	Шеңбер бойымен жаттығу	Балаларға шеңберде жүріп бір қалыптан екінші қалыпқа ауысуды үйрету. Топпен жұмыс жасау арқылы балаларға үлкен жауапкершілікпен жұмыс жасауға шақыру. Жәй қарапайым би жаттығуынан күрделі жаттығуларға көшуді сезіндіру.	2

2	«Үй жинаушылар» биі	Балаларға сюжетті би туралы түсінік беру. Би қимылдарын орындау кезіндегі көңіл күйді бір біріне беруі көрерменге шынайы жеткізуді сезіндіру. Ұжымдық жұмысқа шақыру. Қарапайым би қимылдарынан күрделі би қимылына көшуді үйрету.	2
3	«Шөжелер» би этюды	Музыка әуеніне сәйкес би қимылдарын жасау, музыканы қабылдай білуге баулу.	2
4	Қорытынды сабақ	Үйретілген би қимылдарын қайталап, қысқа этюд жаттығуларын құрастыру. Ұжымдық, жұптық жұмысқа шақыру.	2
	Барлығы		72

Хореография
Ересектер тобы

	Тақырыбы	Мақсаты	сағат саны
ркүйек			
1	Сәлемдесу	Сәлемдесу туралы түсінік беру, қимылды толық меңгерту, биге деген қызығушылықтарын ояту	2
2	Көңілді би этюды	Қозғалыс координациясын жетілдіру: орнында айналу мен қарғу дағдыларын қалыптастыру, зейін мен есте сақтауды дамыту, шапшаң ырғақты, көңілді темптегі музыкамен қимылдарын сәйкес орындауға үйрету.	2
3	I-II-III қол қалыптары және дайындық қалпы	Балаларды I-II-III қол қалыптарымен таныстыру. Ережеге сай жұмыс жасауды үйрету. I қол қалпында екі қолды алға созу арқылы, II қол қалпын екі қолды екі жанына созу арқылы, III қалыпты екі қолды жоғарыға созу арқылы көрсетіп балаларды жаттықтыру. Өзін өзі жақсы көруге үйрету, әсемділік пен сұлулыққа тәрбиелеу.	2
4	«Тамшылар» би қойылымы	Балаларды би элементтерімен тыныстыру, жыл мезгілі туралы әңгімеге шақырып өз қиялын ортаға салуға шақыру. Берілген белгілі сызықтармен секіру арқылы би элементтерін көрсету. Табиғат құбылыстарын би элементтерімен ұстастырып үйрету.	2
Қазан			
1	I-II-III аяқ қалыптары және VI аяқ қалпы	Балаларды I-II-III аяқ қалыптарымен таныстыру. I аяқ қалпында екі аяқтың ұшын екі жаққа созу арқылы, II аяқ қалпында екі аяқтың арасында бір аяқ сиятындай ара қашықтық болу керек екендігін және екі аяқтың ұшы жанына бұру арқылы, III қалыпта сол аяқтың ұшы жанына бұрылып, оң аяқтың өкшесі сол аяқтың өкшесіне тигізу керек екендігін түсіндіру. Өзін өзі жақсы көруге үйрету, әсемділік пен сұлулыққа тәрбиелеу.	2
2	Арнаулы бағытта жүру «Диagonal жаттығулары»	Балаларға диagonal «қисық сызық» деген мағына туралы түсіндіру. Diagonal бойымен жүру арқылы арнаулы ережеге бағыну, жұбына қарау, күту дағдыларын меңгерту. Балалар бойын тік ұстап доagonal бойымен би залының 4-ші бұрышынан 8-ші бұрышқа қарай және 6-ші бұрыштан 2-ші бұрышқа қарай қисық жүруді үйрету. Жәй қарапайым жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшелеп жүру, жандамалап жүруді жаттықтыру.	2

A. Allan

3	Ырғақты би жаттығулары	Ырғақты музыкаға еркін би қимылдарын орындау арқылы балалардың ырғақты сезінуін, ұйымшылдықпен жұмыс жасауға шақыру шыдамдылыққа үйрету. Кез келген атрибутты пайдалану арқылы баланы қызықтыра билеуге жаттықтыру.	2
4	«Саңырауқұлақтар» биі	Балаларды би мазмұнымен таныстыру. Жыл мезгілі туралы өздерінің ойларын еркін айтуға баулу. Би элементтерімен таныстыру. Қол қимылы «вертушки» I-II қалып арқылы орындалатынын көрсетіп жаттықтыру. Жандамалап секіру кезіндегі арқаны тік ұстауын қадағалау.	2
Қараша			
1	«Сымбат және саулық» тренаж жаттығулары	Балаларды жерге отырғызу арқылы арқасын тік ұстауын, дене бітімінің биге дайындығын тексеру. Жерде отырып қол қалыптарын көрсету арқылы аяқ қимылдарымен ұштастыру, аяқтың ұшын созу арқылы II қол қалпын ұстау, арқасын жерге тигізу арқылы III қол қалпын аяққа тигізу арқылы жоғары көтеру.	2
2	«Ырғақты ойын би қимылдары» этюд жаттығулар	Балаларға этюд қысқа би түрі екендігін түсіндіру. Ырғақпен би қимылдарын үйлестіру арқылы жаттықтыру, «Шығыршық», «доп», «таяқша» қолдану арқылы ойын түрлерін көрсету. Билеп ойнау кезіндегі ержені сақтауын қадағалап, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	2
3	Дүбірлі кадам	Дүбір соғу алақанмен және аяқпен. Ырғақты соғу алақанмен, ырғақты дүбір соғу аяқпен. Балаларға музыка ырғағына сәйкес ере отырып ырғақты алақанмен соғу арқылы билетуді үйрету және ырғақты музыкаға ілесіп аяқпен дүбір соғуға жаттықтыру. Қимыл-қозғалысты орындау кезінде тепе-теңдікті сақтауын қадағалау.	2
4	«Балдырғандар» биі	Балаларды би элементтерімен таныстыру. Қол қимылдары «дуга» орындау кезіндегі қол қалыптарын сақтау. Берілген қимыл қозғалыстарды бейімделе орындауға жетелеу. Қоршаған ортамен табиғат құбылыстарын бимен көрсетебілуге үйрету.	2
Желтоқсан			
1	«Домбыра» қимылы	Балаларға қазақтың ұлттық аспаптары туралы әңгімелеп түсіндіру. Денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету. Домбыра қимылы туралы түсінік беру.	2
2	«Ақшақарлар» биі	Ақшақар туралы түсінік беру. Қимылды толық меңгерту, биге деген құлшыныстарын арттыру.	2

3	Қатарда тұрып, шеңбер жасау	Балаларға денесін дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету. Шеңберлік туралы түсінік беру.	2
4	«Ақылды бояулар» этюды	Балаларды би элементтерімен таныстыру. Музыка ырғағына сай орындауға шақыру. «Толқын» (волны) қол қимылын орындату. Жұптасып жұмыс жасауға талпындыру. Кезекпен қол, аяқ қимылдарының ауытқуын ауысын ескерту.	2
Қаңтар 1	Халық билері Қазақ халық биінің элементтері	Халық биінің элементтері туралы балаларға түсінік беру. Би элементтерімен таныстыру. Халық биінің ерекшелігін сезіндіру, ұлттық киімге насихат түсінік беру.	2
2	Өкшелеп ұру, жандамалап жүру түрлері	Би элементтерін ережеге сай келтіріп орындауын қадағалау. Өкшелеп жүру кезіндегі арқаны тік ұстау және қол қалпы IV болатынын ескерту.	2
3	«Қуыршақтар» биі	Ұжымдық биді орындауда өзін өзі ұстауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бір біріне деген сыйластық тугызу. Музыканы қабылдау дағдысын дамытып, көңіл күйін сезіне білуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қимыл координациясын жетілдіру.	2
4	«Барбарики» биі	Үйретілген жаттығуларды пайдалана отырып би құрастыруға шақыру. «Канарейка» құс атауы екендігі туралы түсінік беру. «Пружинка» тербелу, «Ковырялочка» айналдыру мағынасын түсіндіру.	2
Ақпан 1	«Ләзги» өзбек биінің элементтері	Өзбек халық өнері туралы түсінік беру. Қимылды толық үйрету.	2
2	«Қояндар» биі	Бір біріне деген сыйластық тугызу. Музыканы қабылдау дағдысын дамытып, көңіл күйін сезіне білуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қимыл координациясын жетілдіру.	2
3	Иық қимылдары	Қолға арналған жаттығулардың бір бөлімі иық қимылы туралы түсінік беру. Иық қимылдарын орындау арқылы баланың арқа бұлшық еттерінің катаяуын сезіну. Қимыл қозғалысты көтеріңкі көңіл күймен бере білуге жаттықтыру.	2
4	«Көңілді аңдар» полькасы	Би элементтерімен таныстыру. Аяқ көтеру «подскоки», «секіру», «теңселу» қимылдарын орындау кезіндегі денесін тік ұстауды қадағалау. Жұппен жұмыс жасауға баулу. Шыдамдылық қасиеттерін шыңдау.	2

Наурыз 1	«Айналма» «Толқын» казак биіндегі қол қимылдары	Балаларға «Айналма» (айналдыру) мағынасы екендігін түсіндіру. Қол қимылын орындаудағы қол қалыптарын бірқалыпты ұстауға үйрету. Қолды білектен айналдыру арқылы шынтақ буындарын тік ұстауға жаттықтыру.	2
2	Халық биі «Қамажай»	Халық биінің элементтері туралы балаларға түсінік беру. Би элементтерімен таныстыру. Халық биінің ерекшелігін сезіндіру, ұлттық киімге насихат түсінік беру. Би элементтерін ережеге сай келтіріп орындауын қадағалау.	2
3	«Бүлдіршіндер» этюды	Музыканы қабылдау дағдысын дамытып, көңіл күйін сезіне білуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қимыл координациясын жетілдіру.	2
4	Қол қимылдарына арналған этюд жаттығулары	Жаттығуларды орындату кезіндегі бірқалыптылықты сақтауға үйрету. Сахна мәдениетін сақтап көтеріңкі көңіл күймен орындауға талпындыру. Қол қалыптарын есте сақтауға және ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру.	2
Сәуір 1	Тренаж жаттығулары	Тренаж жаттығуларын орындау кезінде арнаулы кестелер ұсыну. Балаларды жерге отырғазып «Адажио» созылмалы жәй қимылдарын орындау. «Иілу», «майысу» т.б қимыл-қозғалыстарды ережеге сай орындауға үйрету.	2
2	«Гүлдер» биі	Би элементтерімен таныстыру. Табиғат, қоршаған ортамен ұштастырып балаға қимыл-қозғалыстарды көрсету. Гүлдер сияқты нәзік бірқалыпты орындау керек екендігін түсіндіру.	2
3	«Көңілді асықтар» би жаттығулары	Санамақ ойны арқылы балалардың зеінін анықтау. Музыкаға үйлесімді қимыл жасап ретімен санауды үйрету. Ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Бірғақты музыканы тез және жәй санауға бейімдеу.	2
4	«Айгөлектер» биі	Балаларды би элементтерімен таныстыру. Би жаттығуларында еркін қалыптармен орындалатынын ескеру. Биді көңілді әдемі орындауға шақыру. Топпен, жұппен жұмыс жасауды жаттықтыру.	2
Мамыр 1	Хип-хоп би өнері	Би өнерінің мазмұнымен таныстыру. Ерекшеліктері, қалыптары, бағыттары туралы түсінік беру. Топтық жұмысқа шақыру. Бірғақты музыкаға үйлесімді қимыл жасау арқылы реттік санауды үйрету.	2

2	Шеңбер бойымен жаттығу	Балаларға шеңберде жүріп бір қалыптан екінші қалыпқа ауысуды үйрету. Топпен жұмыс жасау арқылы балаларға үлкен жауапкершілікпен жұмыс жасауға шақыру. Жәй қарапайым би жаттығуынан күрделі жаттығуларға көшуді сезіндіру.	2
3	«Достық» би	Балаларға сюжетті би туралы түсінік беру. Би қимылдарын орындау кезіндегі көңіл күйді бір біріне беруі көрерменге шынайы жеткізуді сезіндіру. Ұжымдық жұмысқа шақыру. Қарапайым би қимылдарынан күрделі би қимылына көшуді үйрету.	2
4	Қорытынды сабақ	Үйретілген би қимылдарын қайталап, қысқа этюд жаттығуларын құрастыру. Ұжымдық, жұптық жұмысқа шақыру.	2
	Барлығы		72

Хореография
Мектепалды топтар

№	Тақырыбы	Мақсаты	сағат саны
Қыркүйек 1	Сәлемдесу	Би қимылдары арқылы сәлемдесуді үйрету. Сәлемдесуді толық меңгерту, биге деген құлшыныстарын арттыру.	2
2	Аяқтың қалыптары	Негізгі қимыл-қозғалысты үйрету. Аяқтың I – VI кезеңін үйрету. Аяқ қалыптарымен таныстыру. Аяқ қалыптарын жаттау.	2
3	Қолдың қалыптары	Тік тұрып, қол қалыптарының I – III кезеңін үйрету, түсіндіру. Қол қалыптарымен таныстыру.	2
4	Сазды-ырғақты жаттығулар	Бұлшықеттің дұрыс өсуін жақсарту, дененің жақсы қалыптасуына көмектесу.	2
Қазан 1	«Киіз үй» би эподы	Киіз үй туралы түсінік беру. Биге деген сүйіспеншілігін ояту.	2
2	Гимнастика жаттығу	Балаларға денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауға үйрету, жаттығулар туралы түсінік беру.	2
3	Қатарда тұрып, шеңбер жасау	Балаларға денесін дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету. Шеңберлік туралы түсінік беру.	2
4	Күзгі жапырақтар бні	Балаларға екі қолды жоғары көтеріп, оңға, солға тербелу, жапырақты қолға ұстатып үйрету.	2
Қараша 1	Дені саудың – жаны сау	Балаларға күнделікті балабақша тынысы туралы әңгімелеп түсіндіру. Денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету. Жаттығулар туралы түсінік беру.	2
2	Аяқтың ұшымен жүргізу	Негізгі қимыл-қозғалысты үйрету. Үлкендермен қосылып, қимыл – қозғалыс арқылы биді орындау дағдыларын қалыптастыру.	2
3	Аяқтың өкшесімен жүру	Аяқтың жүрістерін үйрету. Қимылды толық орындау дағдыларын қалыптастыру.	2
4	Шынықсаң, шымыр боларсың	Бала организмін шынықтыру, оны әрекетшіл қалыпқа келтіру, тұлғаның дұрыс өсуіне жағдай тудызу.	2

P. Aliev

Желтоқсан 1	«Қошқар мүйіз» қимылы	Қошқар мүйіз қимылы туралы түсінік беру. Қимылды толық үйрету.	2
2	«Кереге көз» қимылы	Кереге көз қимылы туралы түсінік беру. Қимылды толық үйрету.	2
3	«Домбыра» қимылы	Балаларға қазақтың ұлттық аспаптары туралы әңгімелеп түсіндіру. Денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету. Домбыра қимылы туралы түсінік беру.	2
4	«Білезік» қимылы	Денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауды меңгерту. Білезік қимылы туралы түсінік беру.	2
Қаңтар 1	Би элементтерімен жұмыс	Қимыл қозғалыстарды музыка әуеніне сәйкес қайталауға дағдыландыру, эмоцияларын ырғақтық би арқылы көрсетуге баулу.	2
2	«Өрнек» қимылы	Өрнек қимылы туралы түсінік беру. Өрнек қимылын музыка ырғағымен көрсету.	2
3	Көңілді гномиктер	Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру, би элементтерін үйрету.	2
4	«Ақшақарлар» биі	Ақшақар туралы түсінік беру. Қимылды толық меңгерту, биге деген құлшыныстарын арттыру.	2
Ақпан 1	Кел билейік балақай!	Кеністікте бағдарлай білу, серпілмелі кадамды үйрету, аяқ қол қалыптарын жетілдіру; вальс кадамын үйрету, ауысуды бекіту. Музыканың көңіл күйін түсіну және би қимылдары арқылы айқындап көрсете білу.	2
2	Диагональ бойынша жаттығу	Қимылды қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Диагональ бойынша жаттығуларды үйрету. Иілгіштік пен айналу дамыту, қарапайым композицияларды есте сақтауға үйрету.	2
3	«Қызғалдақ» қимылы	Қызғалдақ қимылы туралы түсінік беру. Биге деген құлшыныстарын ояту.	2
4	Қол қимылдарына арналған эпод жаттығулары	Музыка әуеніне ырғалып, сәкес қимылдар жасау, кеудеге арналған жаттығуларды орындау. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қимыл координациясын жетілдіру	2
Наурыз 1	«Көңілді аяқтар» (ырғақты ойын жаттығулары)	Өртүрлі қозғалыста қол мен аяқтың қимылын байланыстыруды үйрету.	2
2	Қазақ халқының би элементтері	Қазақ биі туралы түсінік беру. Қимылды толық меңгерту.	2
3	«Ат шабыс» «Молдас құру»	Қазақ халық өнері туралы түсінік беруді жалғастыру. Ат шабыс қимылдарымен таныстыру. Ептілікке жаттықтыру.	2

4	Тербеледі ағаштар (майысу, пілу жаттығулары)	Балаларға кеңінен жасалатын жаттығуларды үйрету. Жаттығулар туралы түсінік беру.	2
Сәуір 1	Қайталау	Кеңістікте бағдарлай білуге, ауысу, жұптасып билеу машықтарын бекіту. Өткен би қимылдарын қайталау.	2
2	«Гүлдер» биі	Би элементтерімен таныстыру. Табиғат, қоршаған ортамен ұштастырып балаға қимыл-қозғалыстарды көрсету. Гүлдер сияқты нәзік бірқалыпты орындау керек екендігін түсіндіру.	2
3	«Санамақ» би жаттығулары	Санамақ ойны арқылы балалардың зеінін анықтау. Музыкаға үйлесімді қимыл жасап ретімен санауды үйрету. Ұқыптылыққа, шапшандыққа тәрбиелеу. Ырғақты музыканы тез және жәй санауға бейімдеу.	2
4	«Барбарикки» биі	Балаларды би элементтерімен таныстыру. Би жаттығуларында еркін қалыптармен орындалатынын ескеру. Биді көңілді әдемі орындауға шақыру. Топпен, жұппен жұмыс жасауды жаттықтыру.	2
Мамыр 1	Достық биі «Бір шаңырақ астында»	Би өнерінің мазмұнымен таныстыру. Ерекшеліктері, қалыптары, бағыттары туралы түсінік беру. Топтық жұмысқа шақыру. Ырғақты музыкаға үйлесімді қимыл жасау арқылы реттік санауды үйрету.	2
2	Шеңбер бойымен жаттығу	Балаларға шеңберде жүріп бір қалыптан екінші қалыпқа ауысуды үйрету. Топпен жұмыс жасау арқылы балаларға үлкен жауапкершілікпен жұмыс жасауға шақыру. Жәй қарапайым би жаттығуынан күрделі жаттығуларға көшуді сезіндіру.	2
3	«Аспазшылар» биі	Балаларға сюжетті би туралы түсінік беру. Би қимылдарын орындау кезіндегі көңіл күйді бір біріне беруі көрерменге шынайы жеткізуді сезіндіру. Ұжымдық жұмысқа шақыру. Қарапайым би қимылдарынан күрделі би қимылына көшуді үйрету.	2
4	Қорытынды сабақ	Үйретілген би қимылдарын қайталап, қысқа этюд жаттығуларын құрастыру. Ұжымдық, жұптық жұмысқа шақыру.	2
	Барлығы		72

Негізгі әдебиеттер:

1. «Билеп үйренейік» Г.А.Абдрахманова, Т.Т.Сарыбаева «Алматы кітап» 2011ж.
1. «Ырғақтық гимнастика» Ю.Телеугалиев, Алматы 2012 ж.
2. «Сымбат» Ш.Жиенқұлова «Алматы» 2013ж.
3. «Сахна және актер» М.Б.Байсерке Ана тілі 20012 ж.
4. «Музыкальное развитие ребенка» Н.А.Ветлугина «Просвещение», 2008 ж.
5. «Учите детей танцевать» (мектепке дейінгі ұйымдардың музыка жетекшілеріне арналған әдістемелік нұсқаулық) Республикалық «Мектепке дейінгі балалық шақ» орталығы. «Астана» 2012 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. «Ритмическая мозаика» А. И. Буренина. Программа СПб 2011 ж.
2. «Развитие произвольных движений» А.В.Запорожец, 2006 ж.
3. «Воспитание способностей и формирование личности» В.Э.Чудновский., «Знание» 2007 ж.
4. «Способности ваших детей» Н.П.Линькова, Е.А.Шумилин, «Просвещение» 2012ж.
- 5 «Программа музыкально-ритмического воспитания» Т.И.Калашникова.– ИГПК №1, 2007 ж.